

**Жоғары білім беретін оқу орындардың, колледж және кәсіптік лицейлердің бітірушілеріне "Жастар тағылымдамасын" ұйымдастыру туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 19 мамырдағы N 1563 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 мамырда N 14-4-68 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 9 маусымдағы N 431 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2011.06.09 N 431 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 12 наурыздағы N 765 "Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңарту мен дамуға" атты Қазақстан халқына жасаған Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Жарлығына, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 11 наурыздағы N 79 "Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңарту мен дамуға" атты Қазақстан халқына жасаған Жолдауын Оңтүстік Қазақстан облысында жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" қаулысына сәйкес және халықты жұмыспен қамтуда жәрдем көрсету іс-шараларын кеңейту мақсатында, Түркістан қаласының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Қаланың кәсіпорындары мен ұйымдарында (әрі қарай – Жұмыс беруші) жоғары білім беретін оқу орындарды, колледж және кәсіптік лицейлерді бітіріп жұмыспен қамтылмаған жастарға (әрі қарай - Бітіруші) Жастар тағылымдамасын ұйымдастыруды және өткізуді.

2. Бітірушілер үшін жастар тағылымдамасын ұйымдастыру келесі шарттарды ескере отырып өткізіледі:

1) оқу орындарын бітіріп жұмысқа орналаспаған Бітірушілердің Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде (әрі қарай – Уәкілетті орган) жұмыссыз ретінде тіркелуі;

2) Бітірушінің алған мамандығы бойынша еңбек өтілінің болмауы.

**3. Уәкілетті орган:**

1) келешекте одан әрі даму және өндірісін кеңейту перспективасы бар және Бітірушілер үшін Жастар тағылымдамасы бойынша әлеуметтік жұмыс беруші бола алатындар жайында ақпарат жинау жұмыстарын іске асырады;

Жұмыс берушінің кадрлық сұраныстары негізінде, Жастар тағылымдамасына қатысу үшін жұмыссыз Бітірушілер арасында таңдау жұмыстарын жүргізеді;

2) жұмыссыз Бітірушіге Жастар тағылымдамасына қатысу үшін жолдама б е р е д і ;

3) оқу орындарын бітірген жұмыссыз Бітірушілерге Жастар тағылымдамасы аясында жұмыс орындарын беруге ықылас білдірген Жұмыс берушімен к е л і с і м - ш а р т ж а с а й д ы .

Келісім-шартта Жұмыс беруші мен Уәкілетті органның құқықтары мен жауапкершілігі, жұмысқа қабылданып жатқан жұмыссыз Бітірушілердің саны, жастар тағылымдамасы аясында Жұмыс берушінің ұйымдастырған мамандықтарының тізімі ескеріледі.

Келісім-шарт кемінде алты ай мерзімге жасалады.

4 . Ж ұ м ы с б е р у ш і :

1) Жастар тағылымдамасынан өту үшін Уәкілетті орган жолдап отырған Бітірушімен Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын ж а с а й д ы ;

2) Жастар тағылымдамасы аясында әр бір жұмыс орнында қауіпсіздік жағдайын жасалуын қамтамасыз етеді;

3) Жастар тағылымдамасына қатысушылардың жұмыс уақытына есеп жүргізу табелін және актіні жүргізіп, әр айдың 25-не дейін Уәкілетті органға өткізеді;

4) Жастар тағылымдамасына жолданған Бітірушіні тағылымдаманың мерзімі біткенше, өз құзырымен тұрақты жұмысқа қабылдап алуға құқығы бар;

5) еңбек шартының мерзімі өткендігі немесе Бітірушіні тұрақты жұмысқа қабылданғандығы жайлы Уәкілетті органды хабардар етеді;

6) еңбек шартының мерзімі өткеннен кейін жұмыссызға Жастар тағылымдамасына қатысуы туралы пікір (ұсыныс хат) береді.

5. Уәкілетті орган Жұмыс берушімен түзген келісім-шартты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұзуға құқығы бар.

6. Жастар тағылымдамасын өткізу жөніндегі іс-шаралар бюджет қаржысы есебінен қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

7. Жастар тағылымдамасына қатысушылардың еңбек ақысы ай сайын нақты жұмыс атқарған уақыты үшін 15 мың теңге кем емес көлемінде Уәкілетті о р г а н м е н т ө л е н е д і .

Жастар тағылымдамасына қатысушылардың еңбек ақысы Бітірушінің есеп-шотына аудару арқылы жүргізіледі.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.Ертайға ж ү к т е л с і н .

9. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*Б. СЫЗДЫҚОВ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК